

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 12 сәуірдегі № ДС-67
2023 жылғы 31 мамырдағы № ДС-207

Құрметті депутаттар!

Маңғыстау облысының мұнай-газ саласының сервистік компанияларындағы қалыптасқан жағдайға қатысты сіздердің сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Бүгінгі таңда еңбек ұжымдарындағы жағдай тұрақты, компаниялар штаттық режимде жұмыс істеп жатыр.

Тендерлік рәсімдерді өткізудің ашықтығы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы, мұнай сервистік компаниялардың қызметін тексеру, еңбек заңнамасын сақтау, жұмысқа орналастыру мәселелерін қамтитын талдау жүргізу мақсатында құрамына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Төтенше жағдайлар, Денсаулық сақтау, Экология және табиғи ресурстар министрліктерінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) өкілдері кіретін жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) құрылды.

Анықтама: жұмыс тобының құрамына кіргендердің жалпы саны 120 адам.

Тексеру барысында ҚМГ компаниялар тобының мұнай сервистік кәсіпорындары және «Өзенмұнайгаз» АҚ-мен (бұдан әрі – ӨМГ) шарттық қатынастары бар өзге мердігер ұйымдар қамтылды.

Жұмыс тобы мұнай сервисі кәсіпорындарының еңбек ұжымдарымен кездесулер ұйымдастырды, жұмыскерлердің ұсыныстары тіркелді, еңбек жағдайлары, цехтардың, жабдықтар мен техниканың жай-күйі және т.б. зерттелді.

Бүгінгі таңда кездесулердің нәтижелері бойынша **2995 жолданым** талданды, олар **9 негізгі санатқа** бөлінді: өндіріс; сатып алу/жабдықтау; HR адами ресурстар; еңбекті қорғау; қоршаған ортаны қорғау; қаржылық, әлеуметтік мәселелер, (IR) мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл және басқалар.

Сонымен қатар Бас прокуратура ағымдағы жылдың 23 сәуірінде «Самұрық – Қазына» ҰӘҚ» АҚ (бұдан әрі – Қор), ҚМГ-ның және олардың еншілес кәсіпорындарының тауарларын, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алуды кешенді талдау бойынша арнайы топ құрды.

***Анықтама:** жұмыс үш бағыт бойынша жүруде: сатып алудың және қаржылық-шаруашылық қызметінің заңдылығын талдау; Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асырудың тиімділігі; құқық қорғау блогы даярлығының жай-күйі.*

Бүгінгі таңда Бас прокуратура мен жұмыс тобы аталған іс-шаралар бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

Бұдан басқа, әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу, еңбек жанжалдарын шешу және оларға жол бермеу тетіктері бойынша талдау жүргізу және ұсыныстар әзірлеу, елдің барлық өңірлерінде сапалы және атаулы түсіндіру-профилактикалық жұмысты қамтамасыз ету мақсатында Премьер-Министрдің өкімімен арнайы жұмыс тобы бекітілді.

***Анықтама:** арнайы жұмыс тобының құрамына депутаттар, уәкілетті орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, Қордың, ҚМГ мен кәсіподақтар қауымдастығының өкілдері кірді.*

Бағалардың демпингіне шектеу қою мәселелеріне қатысты

Қордың Директорлар кеңесінің ағымдағы жылғы 21 сәуірдегі шешімімен (№217) құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша демпинг шектерін 8%-дан 5%-ға дейін, жобалау жұмыстары, құрылыс жобаларын сараптау және техникалық қадағалау бойынша 15%-дан 10%-ға дейін төмендетуді көздейтін, Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 193 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

Бүгінгі күні Қор портфельдік компаниялармен бірлесіп **өзге жұмыстар**, көрсетілетін **қызметтер** бойынша демпинг шектерін 20%-дан 10%-ға дейін төмендету мәселелерін пысықтауда, пысықталған шаралардың қорытындылары бойынша тиісті өзгерістер Қаржы министрлігіне және Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне келісуге жіберілетін болады.

Сервистік компаниялармен көпжылдық келісімшарттар жасасу мәселелерін шешуге қатысты

Қолданыстағы Тәртіп тапсырыс берушілерге жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттар жасасуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар экономикадағы әртүрлі инфляциялық процестер, нарықтағы тұрақсыз бағалар ұзақ мерзімді келісімшарттарды одан әрі орындауды және жалақының тұрақтылығын қамтамасыз етуді қиындатады.

Осыған байланысты ұзақ мерзімді келісімшарттарды тұрақты орындау үшін 2022 жылы сатып алу туралы шартты орындау үшін тартылатын өнім берушінің қызметкерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының өзгеруі салдарынан шарт сомасының ұлғаюы бөлігінде Тәртіпке түзетулер енгізілді.

ҚМГ ұзақ мерзімді сатып алу көлемін ұлғайту мақсатында ағымдағы жылдың сәуір айында еншілес және тәуелді ұйымдарға жыл сайынғы және

тұрақты негізде жүзеге асырылатын сатып алуды ұзақ мерзімді сатып алу жоспарларына ауыстыру туралы хаттар жолданды.

Анықтама: 2022 жылы ҚМГ тобы жалпы сомасы 1 077 млрд теңгеге 907 ұзақ мерзімді шарт жасасты, оның ішінде 455 млрд теңге сомасына 70 ұзақ мерзімді шарт. ӨМГ. 2023 жылы 4 айда ҚМГ тобы жалпы сомасы 770 млрд теңгеге 408 ұзақ мерзімді шарт жасасты, оның ішінде 349 млрд теңгеге 71 ұзақ мерзімді шарт жасасты.

Сауда-саттықпен тендерлердің әлеуетті өнім берушілердің қызметкерлерінің жалақысының бағасын төмендетуге әсері туралы

Қордың сатып алу тәртібіне сәйкес баға төмендетілген сауда-саттық тапсырыс берушілердің міндеті болып табылмайды.

Бұл тетік жоғары бағамен сатып алу тәуекелдерін азайту үшін бекітілген және Тапсырыс берушінің қалауы бойынша қолданылады.

Сонымен қатар Тәртіп әлеуметтік тұрақтылыққа әсер ететін сатып алу кезінде тендерді төмендету тәсілімен сатып алуды жүргізуге тыйым салады (*Тәртіптің 46-бабының 1-тармағы*).

Әлеуетті өнім берушінің (*мердігер ұйымның*) шартты орындауға жұмылдырылған жұмыскерлердің жалақысының мөлшерін қысқарту есебінен бағалар тендері кезеңінде төмендету тәуекелін жоққа шығару үшін тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамада өнім берушілердің (*мердігер ұйымдардың*) жұмыскерлерінің жалақыларының ең төмен және міндетті шегі бойынша талаптарды белгілеу мүмкіндігі Тәртіпте көзделген.

Әлеуетті өнім берушілердің тендерлерге қатысардан бұрын тендерді Тапсырыс берушімен алдын ала талқылау (*Тәртіптің 35-бабының 19-тармағы*) және тендердің барлық мәселелері бойынша ескертулер, ұсыныстар беру мүмкіндігі болады.

Көрсетілген Тәртіп нормалары тапсырыс берушілер мен жеткізушілерге сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуметтік тәуекелдерді ескеруге мүмкіндік береді.

Жалпы депутаттық сауалда көрсетілген мәселелер жоғарыда аталған жұмыс топтарының жұмысы шеңберінде талданатынын және оның қорытындысы бойынша Үкімет тиісті шаралар мен шешімдер қабылдайтынын атап өтеміз.

Мәселелер Үкіметтің ерекше бақылауында.

Ә. Смайылов

